

ISSN 1563-0269 • Индекс 75871; 25871



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

BULLETIN

HISTORY SERIES

4(79) 2015

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Кәрібозов Е.

**Қазақ хандығы және қазақ сөз
өнерінің ор тұлғалары**
(Асан Қайғы, Жиренше
Шешен, Алдар Қосе)

Dadebaev Zh., Bisenbaev P.,
Karibozov E.

**Kazakh Khanate and prominent
personalities of the Kazakh art
of word (Асан Сері, Жеренше
Шешен, Алдар Қосе)**

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Карбозов Е.

**Казахское ханство
и выдающиеся личности
казахского искусства слово**
(Асан Сері, Жеренше шешен,
Алдар Қосе)

Макала Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы, қазақ сөз өнерін жасаушылардың алғашқы оқілдерінің қогамдық және шыгармашылық қызметтің зерттеу мәселелеріне арналған. Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары, қалыптасуы және қазақ сөз өнерінің байырғы оқілдерінің қогам, мемекет кайраткері, шыгармашылық тұлға ретінде атқарған қызметтерінін мазмұны мен маңызы Қоркыт атаның Аданың, сөздерімен, осиеттерімен сабактас сарапталған. Қазақ хандығының негізі туралы Ш. Валиханов, М. Тынышпаев, С. Сейфуллин айтқан ойлардың тарих шындығына қатынасы ашылған. Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар қосе сияқты қазақ сөз өнерінің ірі оқілдерінің қазақ хандығының құрылу және қалыптасу түсінідәры ерен енбектері пайымдалған.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, құрылуы, қалыптасуы, сөз өнері, Қоркыт ата, Асан Қайғы, Алдар қосе, қогам, қызмет.

The article investigates the questions of origin and formation of the Kazakh Khanate, social and creative activity of the first representatives of Kazakh literature. Comprehend the preconditions for the emergence and formation of the Kazakh Khanate, content and value of public and creative activity of the first representatives of Kazakh literature in connection with the wise words and teachings Korkut Ata. We explore issues to do with the historical reality of opinions and views expressed on the Kazakh Khanate by such prominent figures as the S. Valikhanov, M. Tynyshpaev, S.Seifullin. We consider the life and deeds Asan Kaigy, Zhirenshe Sheshenya, Aldar Kose as the major representatives of the art of speech in the period of occurrence and formation of the Kazakh Khanate.

Key words: Kazakh Khanate, activities, occurrence, formation, the art of words, Korkut Ata, Asan Kaigy, Zhirenshe Sheshenya, Aldar Kose, society.

Статья посвящена исследованию вопросов возникновения и становления Казахского ханства, общественной и творческой деятельности первых представителей казахской словесности. Рассматриваются предпосылки возникновения и становления Казахского ханства, содержание и значение общественной и творческой деятельности первых представителей казахской словесности в связи с мудрыми словами и наставлениями Коркут ата. Изучены вопросы отношения к исторической действительности мнений и суждений, высказанных о Казахском ханстве такими видными деятелями, как Ш. Валиханов, М. Тынышпаев, С. Сейфуллин, жизнь и деяние Асан Кайғы, Жиренше шешен, Алдар қосе как крупных представителей искусства слова в период возникновения и становления Казахского ханства.

Ключевые слова: Казахское ханство, деятельность, возникновение, становление, искусство слова, коркут ата, Асан Кайғы, Жиренше шешен, Алдар қосе, общество.

азак сөз
шыгарылғанында
жерінің
шылық
Коркыт
тан. Ка-
С. Сей-
н. Асан
інін ірі
шынындағы

онері,

of the
ves of
e and
eative
with
the
anate
ullin.
Aldar
f oc-
e art
so-

шв-
ес-
ти.
за-
ой
зи
сы
й,
ак
ян
ч
о

е

ӘОЖ 930:82

*Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е.

Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: dadebaev48@gmail.com

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
СӨЗ ӨНЕРІНІҢ
ӨР ТҮЛҒАЛАРЫ**
**(Асан Қайғы, Жиренше
Шешен, Алдар Қосе)**

Сөз өнері – өнердің бір түрі. Халық: «Өнерді үйрен де, жи-
рен», – дейді. Бұл сөздің астарында кісіге қанша өнерді үйрени-
се де, артық болмайды деген сияқты ұғым жатқан болу керек.
Сөз өнері үйрепеттін өнер емес. Дәстүрлі қогам жағдайында ко-
ғамдық сананың барлық байлығы, қоғамдық ойдаңың барлық қа-
зынасы сөз өнері үлгісінде туған, сөз өнері үлгісінде сакталған
және ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Бүгіндегі өзіміз есте сактап, жас-
тарымыз айтып жүрген халық макал-мәттелдерінің әрқайсысында
жаптыхалықтық өлшемге айналған даналық қағидалар бар. Та-
рих аңыздар мен жырларда халықтың дәстүрлі дүниетанымы,
ойлау табигаты, басынан еткен өмір шындықтары көрініс тап-
қан. Сөз өнерінің байыры үлгілері бүгіндегі қоғамдық санамыз-
дың іргелі салаларына айналып отырған тарих, этнология, фило-
логия, философия, мәдениеттану, құқыктану, педагогика, этика,
эстетика және басқа ғылымдардың басты дерек көзіне айналып
отыр. Осының бері әдебиәттің казак қогамында сөз өнерінің өнер
ғана емес, даналық таным қайнары болғанын билдіреді.

Қазақ хандығы дәүірінде сөз өнерінің әлеумет өміріндегі
қызметі аса зор болды. Халық: «Өнер алды – қызыл тіл», – деп,
сөз өнерінің ел өміріндегі маңызы мен мәнін ете жоғары баға-
лады. Ал сөз өнерін жасаушы жырауларды халық ханнан ар-
тық қадірледі. Қазақ ғұламаларының ойынша, «жырау – толғау
айтатын ақылшы, қыншылых үстінде халық ортасына шығып,
қамқор сөздер сөйлейтін данышшан ойшыл адам, ерте кезде
ұлыс ордасында отырып, ақыл, кеңес беретін әрі тәрбиеші, әрі
ұстаз, әрі сөуегей, ұлы ойдаң иессі» [1, 146].

Қазақ жырауларының басында Коркыт ата тұр. Коркыттың
болмысындағы дара касиет оның дүниеге келісінен бастап бай-
қалады. Коркыт дүниеге келерде анасы тоғыз күн толғатып,
жер дүниені уш күн, уш түн қараңғылых басады. Қалың кара
жаңбыр, сұрапыл кара дауыл соғып, біреуді біреу көре алмай,
ел-жүрт қатты корықкан. Қаратаяуды қараңғылых басып, халық
оны (Қаратаяуды) «Қараспан» деп атаған [1, 187].

Қараспан-Қаратаяуда халықтың қорқытып дүниеге келген
Коркыт еліне ақыл-кеңес беретін тәрбиешіге, ұстазға, сөуегей-
ге, ұлы ойдаң иессіне айналды. Ел-жүрттың басына екіталаң
күн туса, пәтуаны Коркыт ата айтты. Ел-жүрт алдағы күнінен
жақсылық күтсе, ақ батаны Коркыт ата берді. Күнделікті түр-

мыс-тіршілікте тіреу болатын ақыл-кеңесті, да-налық созді де Қорқыт ата айтты. Қорқыт ата алдынан өткен хандарға: «Хан ием, туып-оскен Қаратаяуың құламасын, көлөңкөлі дарагын кура-масын, бағаң арта берсін, күнәнді Аллан кешір-сін», – деп бата берді. Жаратушы Қорқыт атаның сөзіне ағартушы, сактаушы, жарылкаушы күш берді.

Жырау туралы, жыраудың қызыметінің халықтық мәні туралы Қорқыт ата тұсында қальпастаскан құрмет кейінгі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұка, Токтамыс хан мен Едіге би тұсындағы Сыпира жыраудан қазак хандығы тұсындағы жыраулардың карашоғыр қалың катарына дейін үзілмей жалғасты.

Шокан Уәлиханов тарихи аңыздарға, дерек көздерінде сүйене отырып, Жәнібек пен Керей Әбілқайырдан белініп кеткенде, олардың қасында Жириенше шешенниң, Асан Қайғының болғанын жазады, Асан Қайғының қазак ұлыстарының басын қосатын Жерүйік мекен ізdegенін көрсетеді [2, 165]. Асан Қайғының Жерүйік мекенде іздеуіне халық басындағы киындық, малға, шаруага да береке жок, адамға да бак-мереке, тату тыныштық, шат-шадыман тірлік жок қауіп-кательлі, күйзелісті күй себеп болған. Жерүйікка «жетсе ғана, соны мекен етсе ғана, халқы бақытты болмақ. Игілікті ырыс атаулының жанды көрініс, белгісі болып «көй үстіне бозторғрай жұмыртқаламақ». Мұнда малға, шаруага да береке бар, адамға да бак-мереке, тату тыныштық, шат-шадыман тірлік бар. Міне, осындағы жерді өзі үшін емес, елі, жүрті үшін ізdegен Асан – ел камқоры» [3, 233]. М.О. Өүезовтің осы сөзінде Асан Қайғы омірінің, халық тіршілігінің үлкен шындығы бар.

Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырга ренішті болып, онымен ат құйрығын үзісінің себебін С. Сейфуллин былай түсіндіреді: «Алтын Орданың ханы кіші Мұхаммет өлтірген Барақ ханының балалары Жәнібек пен Керей 1456 жылды Әбілқайыр ханмен өкпелесіп, өзінің соңынан ерген біраз қошпелі ногайлышты ертіп, өзге ногайлыш, өзбек елдерінен жіктеліп, күншығыска қарай, Мұнғылстан шегіне, Хан тауына көшіп кетеді» [4, 19]. Шәкәрім Құдайбердіұлы қазактардың Әбілқайыр ханнан белінүү себебін Қобыландының Дайырқожаны өлтіруіне байла-нысты қайшылықтармен байланыстырады [5, 31-32]. Бұл айтылған жайлар Жәнібек пен Ке-рей бастаған қазактардың Әбілқайыр басқарған хандықтан белініп шығып, жеке хандық ку-руының сырткы, көзге көрініп тұрған себеп-силтауы болуы мүмкін.

Әлкей Марғұланның пайымдауына қара-ғанда, Асан Қайғы, Әз-Жәнібек, Керей үшесі Әбілқайырга разы болмай, қазакты жеке бір ұлысқа бөлмекші болған. Асан Қайғы қара халықта жайлы коныс іздел, Қазақстанның қазіргі ұлан-гайыр даласын түгел арапап, сынын айта-ды, орда қондырар жерді Әбілқайырдың ықпалы жүрмейтін Маңғыстау мен Жетісудан іздейді. Маңғыстаудың мал бағуга жайлы болғанымен, ел еркін жайлап отыруга тарлық ететінің бай-кайды. Жетісуді көргендеге, қайғысы тарап, қөнілі жайланып: «Үш Алматы деген жер бар екен. Сарымсағы сабаудай, бұлдірген бүйректей, ал-масы бар жүректей. Сол жерді кимадым», – деп-ти. Ақырында Хан тауында хан ордасын құрады. Зираты Істық қол маңында [1, 145]. Мұхаммед Хайдар Дулати бастаған тарихшылардың ән-бектері негізінде Шокан Уәлиханов жазып қалдырыған осы деректерді С. Сейфуллин толыктырып, мынадай біршама толымды мәлімет береді: «Алшиның біразы, Арғын, Керей, Қыпшақтың біразы, Жалайыр руларынан құралған аз ғана ногайлыш, ногайлар 1456 жылы өзге қалың ногай-лыдан, өзбектен белініп шығып, Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Хан тауына көшіп келіп, «казак» атанып, болек Қазақ хандығын құрды. Бұл Қазақ хандығы да Алтын Ордада отырган ханды ұлы хан деп қараган. Қазіргі казақ болып отырган қалың елдің өзге рулары, көшілігі ол карсаңда елі де Алтын Ордага қараган қалың ногай болған қалпында ногайлыштырылған, хандарының, өзбек хандарының қол астында еді. Түрік-мон-гол руларының ескілігін қарастырган орыстың кейбір жазушылары казақ атаулы елді тек өзбек слінен белініп шыққан ғана дейді... Ол – қазақ атанған елдің ескілігін жете білмегендіктен ай-тылған сөз, ол қазақ атаулы елдің ногай ханының елі болып, көп заман «ногайлыш» атанып жүр-генін білмегенді...» [4, 19]. С. Сейфуллин осы ойларын дамыта отырып, Жәнібек хан құрған, қазақ елі атанған хандықпен катар бүрнің Алтын Орданың Қырым мен Кавказдан Сібірге дейінгі жерлеріндегі халықтардың бәрі де «казак» атанғаны [6, 49] туралы М. Тынышпайұлының, С. Сейфуллиннің пікірі – тарихшылардың мәліметтеріне, деректеріне негізделген және тарихи-логикалық кисыны жеткілікті дәйектелген пікір.

М. Тынышпайұлы «казақ» туралы тарихшылардан терген маглұматтарын хронологиялық тәртіппен X ғасырдан бермен қарай жүйелеген [6, 43]. С. Сейфуллин солардың ішінен өзі ай-кындау деп білген тоғыз маглұматты атап өтеді.

Олар (XI ға-
зак),
аңызд
кенте

«Ф
рі ме-
ескер
гі қаз-
желіс
линні
кайш

Х
Жәні
магы

Асан
лы, о-
сақта
сіне ж
лімет
сын т

Г.
әпост
зертт
рынд
монд
деп т
каль

Ер Қ
кайы
бін б
595;

К
«Тау
биді
тала
да, Ж
ракұ
Жәні
пікір
етді
рын
ғынь
жағд
болм

Г
даул
жама
бул
алын
ры т

Б
Жән
Уәл

на кара-
й үшесін
кеке бір
кара ха-
н қазіргі
жн айта-
ыкпала
іздейді.
шымен,
ін бай-
п, көңі-
р скен.
тей, ал-
— деп-
ұрады.
заммед
иц сн-
п кал-
ыкты-
іреді:
актың
ғана
югай-
мінің
азақ»
Қазак
ұлы
тран
аңда
лган
ның,
мон-
тын
збек
азақ
ай-
ның
тур-
сын-
ан,
Ал-
де-
и»
ың
ы-
яң
а-
ен
и-
к
н
и-
и.

Олардың алғашқысы Әбілқысым Фердаусидің (XI ғасыр) «Рұстем» дастанынан алынған. «Қазак», «қазақ хандығы» деген сөздер, ұғымдар азыздар езегімен Фердауси заманында дейін жеткенге үксайды.

«Қазак», «қазақ хандығы», «қазахия» сөздері мен ұғымдарының түрлі елдер тіліндегі жазба ескерткіштерде сакталғаны және олардың қазіргі қазаққа, қазақ сліне қатысы туралы ойлардың желісін таратуда М. Тынышпаев пен С. Сейфуллинің көзқарастары арасында айырмашылық, кайшылық жок.

Хан тауына хан ордасын тіккен Керей мен Жәнібек хан тұсында қазақ хандығының ынтымагы мен бірлігі жолында ерен еңбек сінірген Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар кесе туралы, олардың сөздері мен істері туралы ел есінде сакталған азыздарда терен мән бар. Оның мәнінен жету үшін, тарихи азыздарда сакталған мәліметтердің теренінен шындықтың асыл жылғасын табудың маңызы зор.

Г.Н. Потанин ортағасырлардагы Еуропа эпосында кездесетін шығыстық сарындарды зерттеу барысында: «Мен қазақ-алтай азыздарындағы Жиренше шешен-Ерен шешен және монгол батыры Ерен-сайын (Ирин-сайн) бір ме деп топшылаймын», – дейді. Ол мұнымен тоқтап калмай, Жиренше шешен мен Оғыз ханың біі Ер Қызы қожаны катар қояды, Шыңғыс ханың кайын атасы Дай шешенді керей Тұгрыл ханың біі болған Жиреншениң өзі деп түсіндіреді [7: 595; 719; 721; 735].

Қазак тарихының Құрбанғали Халдұлының «Тауарих хамса» кітабында Асан Қайғы Майқы бидін алтыншы буындағы ұрпағы ретінде сипатталады. Қыргыз оқымыстылары Асан Қайғының да, Жиренше шешеннің де, Алдар кесенің де Баракұлы Жәнібек тұсында емес, Алтын Орда ханы Жәнібек Өзбекұлы тұсында өмір сүргені туралы пікір айтады. Ол пікірге азыз-әңгімелерді негіз етеді. Екіншіден, Асан Қайғының түркі халықтарының бәріне ортақ ойшыл деп біледі. Асан Қайғыны Баракұлы Жәнібек ханының тұстасы деген жағдайда, оның түркі халықтарына ортақ ойшыл болмай шығатынын тілге тиек етеді.

Г.Н. Потаниннің талдаулары мен пайымдауларында, қыргыз оқымыстыларының болжамдарында белгілі бір кисын бары рас. Бірақ бұл орайда айтылған болжамдарға да, негізге алынған кисындарға да тарихи ұстаным талаптары тұрғысынан қарған дұрыс.

Біздің ойымызша, Асан Қайғының Баракұлы Жәнібек тұсында өмір сүргені туралы Шокан Уәлиханов бастаған қазақ оқымыстыларының

пікірі оның түркі халықтарына ортақ ойшыл екендігін жоққа шығармайды. Үш данышпан өмірінің басын, Жәнібек пен Керей сияқты, Алтын Ордада, қалған өмірін Хантауында, қазақ хандарының касында өткізді. Алтын Ордамен қарым-қатынасын үзбеді.

Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар кесені Алтын Орда ханы Жәнібек Өзбекұлының тұсында өмір сүрді деген пікірін қыргыз оқымыстылары тарихта болған Толыбай сыншымен байланыстырып негіздеуге талаптанады. Мұндай ой айтуға талаптанушылар қазақ оқынданарының арасында да жоқ емес. Мысалы, Алтын Орда тұсында өмір сүрген, Алтын Орда ханы Жәнібектің, Жәнібектің баласы Бердібек ханының қылышы болған Толыбайды XYII-XVIII ғасыр аралығында өмір сүрді деушілер бар. Асан Қайғыны, Жиренше шешенді, Алдар кесені Алтын Орда ханы Жәнібектің тұсынан іздеу қандай негізсіз болса, Алтын Орданың атақты ұлысбеті Толыбайды XYII-XVIII ғасырга алып келу де сондай орынсыз. Тарихи тұлға өміріне қатысты түйінді пікірді тарихи дерек, тарихи азыздар, тарихи кисын негізінде айтса жарасады.

Толыбай сыншының Өзбекұлы Жәнібек ханының тұсында Алтын Орданың басты тұлғасы, ұлысбеті болғаны тарихи құжаттарда, басқа да жазбаша дерек көздерінде айттылады. Алтын Орда ханы Жәнібектің өмір деректері, жақын және алыс айналасы, үәзірлері, кенесшілері, бектері туралы араб, парсы, орыс тілдерінде қыруар дерек көздері сакталған. Оларда Толыбай туралы айтылғанмен, Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар кесе туралы ешқандай мәлімет жок. Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар кесе үшесін Алтын орда ханы Өзбекұлы Жәнібектің маңындағы бектер мен билердің арасында атқарған істерін баян ететін аныз қазақта кездеспейді. Осы тұрғыдан келгенде, аттары атаптап үш тарихи тұлғаның өмір сүрген кезеңі туралы қазақ оқымыстыларының пікірі тарихи шындыққа барынша сәйкес және гүлыми жағынан дәлелді.

Г.Н. Потанин өз сөбебінде көптеген дерек көздерін, әлем халықтары әдебиеті үлгілерін салыстырып, бірталай гүлыми ойлар, болжамдарды айтты. Зерттеушінің ойлары мен болжамдары маңызды екені анық. Әйтсе де салыстырылып отырган үлгілердегі кейіпкерлердің істері мен сөздеріндегі үқсастыктардың негізінде олардың тұбі бір адам деп топшылау салыстырмалы немесе типологиялық зерттеу теориясының қазіргі замандағы қағидаларына сай келмейді. Бұл ретте үқсастыктардың езегін күа бермей, Жиренше шешен мен Алдар кесенін, Асан Қайғының Әз-

Жәнібек хан тұсында өмір сүргені жайында ел есінде сакталып, XIX ғасырда хатқа түскен көп катпарлы мәліметтердің асыл негізін іздеу дұрыс болмақ.

Ш. Уәлиханов Жиреншениң сөздері мен істері баяндалатын халық аныздарына сүйене отырып, Жиренше шешен мен Асан Қайғының Баракұлы Жәнібек ханының жаңында болғаны туралы пікір білдірді. «Жәнібек ханың атының алдына халықтың «өз» деген епитетті косып айтқанына қараганда, ол әділлітті хан болғанға ұксайды, оның уәзірі ақылы асқан шешен Жиренше екен» [2: 161; 165], – деп жазды.

Г.Н. Потанин Тарбагатай қазактарының аузынан жазып алған бір дерек көзінде дүниедегі ең ескі хан Өз-Жәнібек хан екені, ханың Жиренше шешен деген ақылманы болғаны айтылған [7, 595]. Мұса Шормановтың айтуына қаралғанда, Өз-Жәнібек пен оның екі замандасы Жиренше шешен мен Алдар көсе туралы Қарқаралы қазактары арасында үлкен дастан болған [8, 158]. Жиренше шешен мен Алдар көсенің Өз Жәнібек хан тұсында өмір сүргені Ө. Диваев жинаған материалдарда да корініс тапкан [9, 66-67; 10, 84-85]. Жәнібек ханмен тұстас Жиренше атты шешен болғаны туралы, оның тапқырлығы туралы қазак арасында толып жатқан аныздар барын С. Сейфуллин [4], М. Әуезов [3, 232-235], С. Мұқанов [11, 60] секілді көнекөз кариялар да айтты.

Сөз өнері туралы ғылымда М.О. Әуезов қылыштастырган мынадай қағида бар: «Аңыз әңгіменің тарихтық адамды біржолата өзіне үк-самаған кейінке түсіріп экететінің болмайды... Әрбір аңыз әңгіменің негізінде тарихта болған адамның шын кескінін түбебейлі ерекшеліктепері жүреді» [12, 179]. Бұл қағиданың маңызы мен мәнін бүтінгі күнде де мейлінше зор. Жиренше шешенің өмірінің кейбір деректерін анықтауда ілкіден бері келе жатқан аңыз өзегінде сакталған мәліметтер күнды дерек көзі қызметін аткарады.

Аттары аталаған тарихи тұлғалар туралы ел есінде, аныздар өзегінде, тарихи жыларда сақ-

талған мәліметтерден ауытқу немесе оларды теріске шығару негізісіз. Асан Қайғының, Жиренше шешенің, Алдар көсенің казак ханы Өз Жәнібек хан тұсында өмір сүргені туралы халық есінде, халық аныздарында сакталған мәліметтердің тарихи мәні бар деп білу шарт.

Айтылған жайлардың негізінде мынадай ой түюгे болады:

- Қазақ хандығының ордасы Хантауына қонды. Қазақ ханының ақылшысы, кеңесшісі Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе болды. Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе ханға елдің жағдайын жаксартудың, халықты «көй үстіне бозторғай жұмыртқалағандай» жайлар да жақсы өмірге жеткізуіндің жолдары туралы ақыл айтып, кеңес берді, елге үлті ұсынды.

- Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе қылыштастырган даналық үлгін сактап, дамыта отырып, Жәнібек ханының ұлы Қасым хан казақ хандығының күш-куатын арттыруды, Алтын Орда ту тіккен Дешті қыпшак даласындағы кара ормандай калың қазақ Қазақ хандығының кара шашырағы астында бірбүтін іргелі ел болды.

- Асан Қайғының, Жиренше шешенін, Алдар көсенің аттары, сөздері, істері анызға айналып, қазақ хандығының, қазақ халқының даналық танымының баға жетпес асыл қазынасына айналды.

- Қараспанның астында, Қаратудын касында, Хантауының басында Асан Қайғының, Жиренше шешенін, Алдар көсенің қазақтың қамын ойлап істеген істері мен айтқан сөздерінің жарығы бүтінгі күні де көзді қарықтырып, көңілді балқытқандай.

- Қараспандай Қаратуда, хан ордасы қонған Хантауында жаратқаның қазақ халқына берген касиетінің жарығы мен жылуы бар.

Құрметті халайық, баяндаамды Қараспанның қадірлісі, дүйім түркі жүртінің данасы Дәдем Қорқыттың бір ауыз сөзімен аяқтауга рұқсат сұраймын: Қаратудың құламасын, көлсекелі дарагының құрамасын, бағаңыз арта берсін, күнәнізді Алла кешірсін.

Әдебиеттер

- 1 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар: ғылыми-зерттеу мақалалар... / құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 2 Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1985.
- 3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVIII том. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 4 Сейфуллин С. Қоپ томдық шығармалар жинағы. VII том. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
- 5 Құдайбердіұлы Ш. Турік, қырғыз, казақ һом хандар шежіресі. – Орынбор, 1911.
- 6 Тынышпаев М. Великие бедствия... (Актабан-Шубырынды). – Алма-Ата: Жалын, 1991.
- 7 Потанин Г.Н. Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе. – СПб., 1899.

- Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия (1876-1877). Выпуск II. – СПб., 1881.
Қазактың халық творчествосы (Ә.Диваев жинаған материалдар). – Алматы: Ғылым, 1989.
Дала улаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1989.
Мұқанов С. Тандамалы шығармалар. Он алты томдық. Т. 15. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 1979.
Әүезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVII том. – Алматы: Жазушы, 1985.

References

- 1 Margulan A. Ezhelgy jir, anizdar: gilimy-zertteu makalalar.../ Kurast R. Berdybaev. – Almaty: Zhazushy, 1985.
2 Ualihanov Sh.Sh. Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. II том. – Almaty: Kazakh sovet enciklopedyasynyn bas redakcyasy, 1985.
3 Auezov M. Zhiyirma tomdyk shygarmalar zhinagy. XVIII том. – Almaty: Zhazushy, 1985.
4 Seyphullin S. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. VII том. – Almaty: Kazygurt, 2007.
5 Kudayberdiuly Sh. Tyrik, kyrgyz, kazak ham shezhyresi. – Orynbol, 1991.
6 Tynyshpayev M. Velikie bedstvya... (Aktaban – Shbyryndy). – Almaty: Zhalyn, 1991.
7 Potanin G.N. Vostochnye motivy v srednevekovom evropeiskom epose. – SPb., 1899.
8 Potanin G.N. Ocherki Severo-zapodnoy Mongolii. Rezulatty Puteshestviya (1876-1877). Vyousk II. – SPb., 1881.
9 Kazakhty halyk tvorchestvosy (A. Divaev zhinagan materyaldar). – Almaty: Gylym, 1989.
10 Dala ualayatynyn gazety. – Almaty: Gylym, 1989.
11 Mukanov S. Tandamaly shygarmalar. On alty tomdyk. T. 15. Halyk murasy. – Almaty: Zhazushy, 1979.
12 Auezov M. Zhiyirma tomdyk shygarmalar zhinagy. XVII том. – Almaty: Zhazushy, 1985.

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Қазақ хандығына – 550 жыл Казахскому ханству – 550 лет

Кәрібаев Б.Б.	
Қазақ хандығының 550 жылдығы: ғылыми нәтижелер туралы	4
Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Қорібозов Е.	
Қазақ хандығы және казақ сөз өнерінің ер тұлғалары (Асан қайғы, Жиренші шешпен, Алдар көссе)	10
Смагұлов С.	
Қазақ хандығы түсындағы ақын-жыраулардың әскери қызметі.....	16

1-бөлім Раздел 1 Деректану және Источникование и тарихнама историография

Жұмадил А.К.	
Современная российская историография о кочевой культуре и военном искусствеnomadov Евразии	26
Майданали З.	
Еуразиядағы қошпел қоғам мен отырықшы халықтардың өзара саяси – әлеуметтік және мәдени карым-кәтинастары (тарихнамалық сараптату)	34
Мендикулова Г.М., Каримова Д.	
Влияние колониального/имперского прошлого на взаимоотношения Великобритании и Индии: историография проблемы	40
Sadykova R.O.	
Globalization as the topic of discussion.....	46
Өтен Г.Ж.	
«Мұндық-Зарлық» дастаны фольклорлық – этнографиялық дереккөзі ретінде.....	52
Бисенбаев П.	
Саржан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық котерлісінің тарихи жылдардағы корінісі	58
Мухаметова О.Х.	
Қазақ даласын зерттеу бойынша I Академиялық экспедиция.....	64
Жакупова Г.Т., Жұнисбаева А.А.	
Образование в области архивного дела в Казахстане и зарубежных страна	70

2-бөлім Раздел 2 Ежелгі және орта ғасырлардағы Древняя и средневековая Қазақстан тарихы история Казахстана

Хабибжанова Г.Б.	
Парадигмы евразийской этнокультурной истории.....	78
Сагинаева А.Н.	
Түркі-славян байланысы диалогында мәдениеттердің трансформациялануы: археологиялық және жазба деректер негізінде	82
Сыздыкова А.М.	
Экологические аспекты в традиционном хозяйстве	88

3-бөлім Раздел 3 Жаңа және қазіргі замандағы Новая и новейшая Қазақстан тарихы история Казахстана

Козгамбаева Г.Б., Алтысбаева Н.К.	
Из истории переселения казахов в Монголию (70 г. XIX – 20 г. XX вв.)	96
Текеев А., Сайлан Б.	
Түркістан легионы және Мұстафа Шокай.....	102

Сайлан Б.
Женіске 70 жыл

Кундақбаева Ж.
Советский прое
общество 1920-

Алтаев А.Ш.
Сендертарапаш

Назарбек Ж.А.
Казакстанда да
Ахметжанова
Вопросы модер

Райымбекова М.
Қазақстандағы

Егізбаева М.Қ.
Қазақ халықы,

Айтбаева А.Е.
История и ма

Мырзабеков
АҚШ-тың съ

Мұхажжанов
Әлем тарихы

Ашинова Ж.
Қазіргі жапо

Ашинова Ж.
Японская ил

Мовкебаева
ШЫҰ және

Жаппасов
Ермұхан Б.

Бакторағ
XVIII ғасы

Мусин А.
Некоторы

Максымка
Ақын-жаз

Рахимбер
«Әзірет С